

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қолданылған әдебиет:

1. З.Шакирова. «Файл Бухгалтера» – 2012 - №6- с.15
2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 10.12.2008ж. №99-IV Қазақстан Республикасының Салық кодексі 16.05.2014ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен, 65-70б.
3. Жақыпбеков Д.С. Кәсіпорынның есеп және салықтық есеп саясаты (кескіндер мен кестелерде). -Алматы: Экономика, 2013, 270-274б.

ӘОЖ 331.24

ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ЕСЕБІНІҢ РӨЛІ

Тургынбек Ж.А.

zhanerke@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші: Омашева А.

Нарықтық экономика басқарудың жаңа тәсілдерін талап етеді: бірінші кезекте басқарудың икемділігін арттыруға қойылатын талаптардың тиімділігі, экономикалық, нарықтық критериілері кіреді. Қоршаған орта динамикасы қазіргі талапқа сай кәсіпорындарды түгелдей дерлік күрделі жүйелерге өтуге мәжбүр етеді. Кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасының тиісті (үйлесімді) қиындықтарын қамтамасыз ету үшін мұндай жүйелерді басқарудың жаңа тәсілдері қажет. Операциялық және стратегиялық басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ететін, басқарудың қаржылық-экономикалық қызметін талдау арқылы жүзеге асырумен байланысты кәсіпорындағы стратегиялық басқарушылық есебінің экономикалық жұмыстарының функционалды бөлек бағыты ретінде пайда болуы басқарудағы жаңа бағыт болып есептелінді.

Стратегиялық басқарушылық есебіне кіретіндер: кәсіпорын мақсатын анықтау, басқару шешімдерін қабылдау үшін ағымдағы алымдар мен ақпараттарды өңдеу, кәсіпорын әрекетінің нақты көрсеткіштеріндегі жоспардан ауытқуын бақылау қызметін жүзеге асыру, ал сондай-ақ ең маңыздысы басқару шешімдерін қабылдау үшін кепілдеме дайындау. Кәсіпорынды басқарудың барлық жүйелерінің әрекетін үйлестіре, біріктіре және бағыттай отырып қойылған мақсаттарға жету, стратегиялық басқарушылық есебі «басқаруды басқару» қызметін атқарады және жоспарлау, есеп, бақылау, экономикалық сараптама, үздіксіз ақпараттарды ұйымдастыру синтезі болып табылады.

Кәсіпорынды басқару жүйесінде ерекше орын ала отырып, стратегиялық басқарушылық есебі қолда бар мүмкіндіктерді оңтайлы пайдалану мақсатында шешімдерді қабылдауды ақпаратты қамтамасыз етуді жүзеге асырады, кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын объективті бағалайды, ал сондай-ақ банкротқа ұшырау мен дағдарыстық жағдайлардан аман болуды (құтылу үшін) жүзеге асырады.

Стратегиялық басқарушылық есебінің пайда болуы XX ғасырдың 80 жылдарына жатады. Оның өзбетінше бағыт ретінде жиырма жылдан астам уақыт қолданылуына қарамастан, әлі де болса оның бір мағыналы анықтамасы тұжырымдалмаған. Міне, сондықтан да кәсіпорындағы стратегиялық басқарушылық есебін жан-жақты зерттеу қажет: басқару тұжырымдамасымен байланысты теориялық аспектілерден бастап, басқару ақпараты негізінде басқару шешімдерін қабылдаудың қолданбалы әдістеріне дейін. Сонымен қатар, стратегиялық басқару шешімдерін қабылдау үрдісіне, мақсаттарды анықтау, стратегиясын қалыптастыру, стратегиялық және операциялық жоспарлар мен бюджеттерді әзірлеу,

ағымдағы оқиғалардың мониторингі, қойылған мақсаттардан ауытқудың нақты нәтижелеріне талдау және бақылау екенін есте сақтау қажет [1].

Отандық және шетелдік әдебиеттерде стратегиялық басқарушылық есебіне әртүрлі анықтамалар берілген, бірақ оларды жалпы төмендегідей топтастыруға болады:

1. Стратегиялық басқарушылық есебі – фирманың ішкі факторларымен байланысты ақпараттарға ерекше көңіл бөлу, басқару есебінің бір түрі.

2. Стратегиялық басқарушылық есебі – ұйымға енгізілген немесе енгізілуге жоспарланған бизнес – стратегиясы контекстінде басқару есебі. Стратегиялық шешімдер әдетте ұзақ мерзімді болып табылады және ұйымға едәуір әсер етеді. Дегенменде стратегиялық мақсаттарға ішкі элементтер, сондай-ақ сыртқы элементтерде енгізілуі қажет.

3. Стратегияның басқарушылық есебі – стратегиялық шешімдерді қолдау үшін ақпаратты қамтамасыз етудегі ең қажетті құрал.

Стратегиялық басқарушылық сипатына талдауы оның бір мәнді анықтамасы жоқ екенін, алайда оның негізгі сипаттамасын бөліп көрсетуге болады:

- Басқарушылық есептің дәстүрлі ішкі бағыттылығын кеңейту, яғни бақталастар туралы сыртқы ақпараттарды енгізу;

- Фирманың таңдап алған стратегиялық позициясы мен басқарушылық есептегі ерекше назар аудару (яғни есептің стратегиялық позициялаумен қатыстылығы) арасындағы өзара байланыс.

- Фирманың өнімдерін дифференциялауды күшейту және жұмсалған қаржыны (шығынды) қысқарту әдістерін талдау жолымен бәсекелестік артықшылыққа жету, құн тізбегіндегі сілтемелерді пайдалану арқылы құн тасымалдаушыларды оңтайландыру.

Осылайша, жоғарыда берілгендер мынадай қорытынды шығаруға мүмкіндік береді, стратегиялық басқарушылық есебі басқарудың теориясы мен тәжірибесінде экономикалық талдау, жоспарлау, басқарушылық есеп және менеджмент қиылысында пайда болған шамамен жаңа құбылыс. Стратегиялық басқарушылық есебі әртүрлі қызметтердің әрекетін және кәсіпорын бөлімшелерін операциялық және стратегиялық мақсаттарға жеткізуде үйлестіре, біріктіре және бағыттай отырып кәсіпорынды басқаруды сапалы жаңа деңгейге шығарады.

Қазіргі талапқа сай кәсіпорындарда стратегиялық басқарушылық есептің пайда болу қажеттілігін келесі себептермен түсіндіруге болады:

А) Сыртқы орта тұрақсыздығының артуы кәсіпорынды басқару жүйесіне мынадай қосымша талаптарды ұсынады:

- өткенді бақылаудан болашақты талдауға дейін ерекше назар аудару;
- қоршаған ортаның өзгерістерге реакция жылдамдығын арттыру. Кәсіпорынның икемділігін арттыру;

- кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасында болып жатқан өзгерістерін үздіксіз бақылаудың қажеттілігі;

- дағдарыстық жағдайлардан шығу және кәсіпорынның төселуін қамтамасыз ету бойынша ойлап тапқан әрекет жүйелерінің қажеттілігі;

В) Кәсіпорынды басқару жүйесін күрделендіру, басқару жүйесі шеңберінде үйлестіру механизмін талап етеді.

С) Тиісті ақпараттың жеткіліксіздігінде ақпараттық бум басқарудың арнайы ақпараттық жүйесін жасауды талап етеді.

Кез келген басшының жұмысының ең маңызды аспектісі ол басқарушылық шешімдерін қабылдау болып табылатыны белгілі, ал сондықтан стратегиялық басқарушылық есебінің маңызды міндеті басқарушылық шешімдерін қабылдауды қолдау болып табылады. Мұндағы ең қолайлысы жоспарлау, әрекетті ұйымдастыру, мақсаттылық және бақылау болып табылады. Кез келген жоспарлау кезеңі үшін талаптарды тұжырымдауға болады, оны шешімдерді қабылдау критериилері жүйесін жасауда басшы есепке алуы керек. Бұл төмендегідей [2]:

- Барлық қабылданған шешімдердің экономикалық салдарының толық бағасы, яғни барлық тиімді нәтижелердің бағасы;
- Кәсіпорынның міндеттер жүйесіне сәйкестігі және қайшы емес;
- Белгісіздік жағдайында талдауға бейімділігі;
- Негізгі мәліметтерге қол жетімділік және объективтілігі;
- Әмбебаптылық;
- Икемділігі, яғни болып жатқан өзгерістерді есепке алу қабілеттілігі;
- Шешілетін міндеттердің ерекшелігінің есебі;
- Басшылық тұлғасының ерекшеліктері мен кәсіпорынның корпоративтік мәдениетінің сәйкестігі;
- Қолданудағы ыңғайлылығы мен түсініктілігі;
- Өлшемі мен объективтілігі;
- Болашаққа бағыттау, яғни «ертерек ескерту» мүмкіндіктері;

Берілген байланыстардан мынадай қорытынды жасауға болады, стратегиялық басқарушылық есептің негізгі қызметі кәсіпорынның нәтижелі әрекеттерін объективті талдау үшін қамтамасыз ету шарттары болып табылады, ал сондай – ақ стратегиялық басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін мүдделі тұлғалардың топтарының барлық тілектері есепке алынады. Басқа сөзбен айтқанда, стратегиялық басқарушылық есеп әртүрлі мүдделердегі топтардың көзқарасы бойынша ұйымның жұмыс істеуінің нәтижелілігі қаншалықты екендігін анықтауға болады. Сонымен, ешнәрсемен салыстыруға болмайтын және басқарудан ерекше приоритеттері бар және әр қайсысының өзіндік приоритеттері бар әртүрлі топтың мүдделі тұлғаларының әсерінен болатын стратегиялық қақтығысы болуы мүмкін. Демек, басшылар, стратегиялық басқарушылық есебінің технологияларын пайдалана отырып барлығы үшін жақсы болатын шешім қабылдауы керек.

Жаңсақ, бірақ жетерліктей кең таралған пікір бар, ол стратегиялық шешім тек қана жоғары звено деңгейіндегі менеджерлермен қабылданады. Мұндай пікірден мынадай болжам шығады, басшылық, стратегиялық басқарушылық есебінен алынған ақпаратты талап ететін жалғыз ғана топ болып табылады. Әлбетте, ақырғы стратегиялық шешім тек қана компания басшылығымен қабылдануы мүмкін, бірақ қабылданған бизнес – стратегия ұйымның барлық деңгейлерінде толығымен енгізілуі керек. Олай болса стратегия көптеген стратегия шеңберін құруы керек, олардың әр қайсысы нақты жоспарланған болуы керек. Бұл дегеніміз, стратегиялық шешім ұйымның барлық деңгейлерінде қолданылуы керек.

Стратегиялық басқарушылық есептің жүйесіне тек қана аналитикалық көрсеткіштер мен қорытындылар ғана емес, сондай – ақ күшті ұйымдық компоненттер – кадрлар мен кәсіпорын бөлімшелерінің арасындағы ақпарат көздері де енеді. Осы уақытқа дейін стратегиялық басқарушылық есебінің сипаты мен мазмұны туралы баяндалды. Енді отандық кәсіпорындардағы стратегиялық басқарушылық есепті ұйымдастыру туралы мәселелерді қарастыру қажет.

Бірінші кезекте кәсіпорындағы қызметтер арасындағы жауапкершіліктің нақты анықтамасы мен нәтижелі жұмысы үшін арнайы құрылымдық бөлім – стратегиялық басқарушылық есеп қызметін құру қажет. Бұл қызмет кәсіпорынның қаржылық - экономикалық бөлімінің құрамындағы бухгалтериямен, қаржылық бөліммен, жоспарлау – қаржылық бөліммен бір қатарда. Кәсіпорындағы стратегиялық басқарушылық есебінің негізгі қызметі – оперативті шешімдерді қабылдау мақсаттарында шығын мен пайданы басқару және талдау, стратегиялық басқарушылық есебі қызметі өзіне қажетті барлық ақпаратты алуға мүмкіндігі болу керек және оны ұйымның жоғары басшыларымен басқарушылық шешімдерін қабылдау үшін ұсыныстарда қолдану керек [3].

Алайда шынайы жағдайдан әркезде ерекшеленеді. Егер кәсіпорында қандай да бір аналитикалық жұмыс жүргізілсе, онда онымен жоспарлау – экономикалық бөлімі айналысатыны белгілі. Ол шығынның жоспарлы сметасын құрастырады және аталған бухгалтерия қызметінің негізіндегі қызметін, жұмыстарды, өнімдерін есептейді, нақты шығын сметасын есептейді, ауытқуды анықтайды. Мұндай жағдайда, стратегиялық

басқарушылық есеп қызметінің пайда болуы жоспарлау – экономикалық бөлім әрекетіне «басып кіру» болатынын мақұлдауға болады. Бірақ бұл принцип қате, яғни кәсіпорындағы аналитикалық жұмыстардың ролін бағалай алмаушылық. Кәсіпорындағы ағымдағы істер жайындағы есеп пен талдаудан басқа да экономикалық әрекеттерді жақсарту бойынша жұмыстар жүргізу керек, яғни «үздіксіз жақсарту» үрдістері жүзеге асырылуы керек. Әлбетте, кәсіпорынның экономикалық жұмыстарын оңтайландыру бойынша ұсыныстар мен шығындарға талдаумен арнайы құрылған уақытша топтар айналысуы керек. Бұл топ жоспарлау, қаржы бөлімдері мен бухгалтерияның мамандарынан құрылады. Өкінішке орай, шығындар аумағындағы аналитикалық жұмыстар мен стратегиялық басқарушылық шешімдерді қабылдау осындай уақытша негізде жүргізілуіне келіспеу керек, себебі аналитикалық жұмыстар – бұл жүйелі жұмыс және ол жұмыстың тұрақтылығы мен мерзіміндегі нәтижелердің жауапкершілігінің жүйелі негізін талап етеді. Бұл сонымен бірге үзіліссіз жақсарту үрдісіне де қатысты. Сондықтан, бухгалтериямен, жоспарлы – экономикалық және қаржылық бөлімдермен тең құқылы жеке бөлім ретінде стратегиялық басқарушылық есеп қызметін ұйымдастырудың оптималды нұсқасы болып табылады. Бірақта мұндай қызметті құру қарсылық тудыруы мүмкін, себебі стратегиялық басқарушылық есеп – ұйымдастырудағы жаңа құбылыс. Мұндай қарсылықты игеру үшін алғашқы нәтижелерге тезірек жету, ал содан соң кәсіпорында тұрақты жұмыс жүйесін бекіту, пайда болатын қиындықтарды, оларға қарсы тұратын себептер мен тәсілдеріне талдау жасау керек. Алғаш қарағанда жаңағы қарсыласу феномені әдеттен тыс, бірақта бәріне танымал. Сондықтан қарсыласудың пайда болуы адамдардың дәстүрлі есеп беру түрлері мен талдау әдістеріне үйреніп қалуына байланысты олар жаңалықты қабылдағылары келмейді, себебі жаңа әдістер, айтарлықтай белгісіз, ал белгісіздік көпшілік үшін тәуекелге бел буу болып табылады, яғни қауіпті. Сондықтан мұндай жағдайда қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру керек, тек содан кейін ғана жаңа әдістерді енгізу керек. Мақсатқа сәйкес түсіндіріп, одан кейін стратегиялық басшылық есеп жүйесінің артықшылығын мысалдармен көрсету. Мүмкін болса, кәсіпорын қызметкерлеріне стратегиялық басқарушылық есебі категорияларының ойлау дағдыларына төселдіру үшін компьютерлік моделін жасау қажет.

Стратегиялық басқарушылық есебінің негізгі сипаты сыртқы бизнес – ортаға жан – жақты талдау жасау болғандықтан, онда кәсіпорын өзінің әрекетін жүзеге асырады, ал талдау жүргізу кезінде фирманың нарықтағы стратегиялық позициясы, фирманың өнімдерін дифференциалдауы есепке алынуы керек, ал сонымен бірге қарастырылатын компанияның толық тізбектегі құндылықтары қарастырылуы керек.

Стратегиялық басқарушылық есебін құру кезінде оның толып жатқан көп түрлі әдістер мен технологияларды сыйдыра аларлықтай кең ауқымды бағыт болып табылатынын ескерген жөн.

Бұған, мысал, осы және басқа да стратегиялық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік туғызатын дәстүрлі технологияларды, мысалы, бюджеттеуді, ауытқуды талдауды стратегиялық басқарушылық есебінің технологияларына жатқызуға болады.

Қолданылған әдебиет:

1. Крылов. С.И. Стратегиялық басқару жүйесі және ұйымның қаржылық ағындарын басқару кезіндегі оның қызметі [Мәтін]//Басқару жүйесі. - 2005. - №3.
2. Медведенко К.А. Бәсекелі күресте стратегиялық ресурс ретіндегі басқару есебінің жүйесі[Мәтін]// Қаржылық менеджмент. -2005. - №4.
3. Селиванов И.А. Стратегиялық басқару жүйесі және кәсіпорынның тұрақты дамуы [Мәтін] // Басқару есебі және қаржылар.-2012. - №4. - 272-282 б.